



Фердоуси ҚОЖАБЕРГЕНОВ,

облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы:

– Фердоуси Әбілқасымұлы, облыста- кәсіпкерлік саласын дамытуға байланысты миллиардтаған қаржы бөлінді. Мәселен, былтыр 32 млрд теңге, биыл әртүрлі қаражат көздерінен 34 млрд теңге қаралды. Осынау қорсетіліп жатқан көмекті халық қаншалықты тиімді пайдаланып жатыр?

– Жалпы, кәсіпкерлік саласынын ауқымы кен. Денсаулық саласына да, ауыл шаруашылығы саласына да, энергетика саласына да, құрылыс саласына да қатысы бар. Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражатты жеткізуге және үйлестіруге кәсіпкерлік және туризм басқармасы жауапты. Былтыр «Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың» VIII жылдығы жарияланды. Биыл Жол картасы әзірленіп, әртүрлі қаржы көздерінен 34 млрд теңге жұмсалды деп жоспарлануда. Оның ішінде 5 млрд теңгесі мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелер және мемлекеттік гранттар беруге бағытталып отыр. Биыл мемлекеттік гранттар үшін 31 млн теңге бөлінді. Оның 21 млн теңгесі жас кәсіпкерлерді қаржыландыруға бағытталды. Конкурстық қатысуға 473 өтінім қабылданып, конкурстық комиссия шешімімен 84 жоба қаржылай қолдау тапты, оның ішінде 44 жоба жас кәсіпкерлердің үлесінде. Атап өтетін жайт, облыс жастары кәсіп бастауға ынталы.

– Кызылордалықтардың дені кәсіптің қай түріне бейім? Ұсынылған жобалардың басым бөлігі қай салаға бағытталған?

– Сыр өңірі аграрлы аймаққа жатады. Сондықтан ұсынылған жобалардың көпшілігі ауыл шаруашылығы саласына негізделген. Өсіресе, жерлестеріміз мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, бау-бақша өнімін өндіруге ынталы. Окінішке қарай, облыста өндіріс орындары тым аз. Сол себепті кәсіпкерлер тұрғындар тұтынатын тауарларды сырттан тасымалдайды. Мәселен, былтыр облыста болшек сауданың жалпы көлемі 266 млрд теңгені құраған. Десе де, тауарды сырттан әкелу әрқашан тиімсіз. Бүгін қарамастан, адамдар саудамен айналысуға құмар. Неліктен? Ойткені, мұнда жолын тапсаң, табысты тез табуға болады. Тағы да қайталап айтайын, тауарды сырттан тасымалдау оңай шаруа емес.

Ал соңғы жылдары облыста өндіріс саласына бет бұру байқалады. Ауыл шаруашылығы саласына жана технологияларды енгізу арқылы өнімді молайтуға бағытталған шаралар, өндіріс орындарын ашу сынды жұмыстар ақырындап қолға алынып жатыр. Жана өндіріс орындары анау айтқандай көп емес. Жалпы алғанда, облыста ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласы қарқынды дамыған.

– Ел «кәсіп бастауға қыруар құжат дайындау қажет» дейді. Осының ара-жігін ажыратып, толық түсіндіріп беріңізші. Кез келген азамат бизнесін нөлден бастау үшін қандай қадам жасауы тиіс?

– Бүгінгі таңда кәсіпкер ретінде тіркелу бұрынғыға қарағанда жеңіл. Оздеріңіз білесіздер, E.gov порталы іске қосылды. Онда не істеу керек, бәрі тайға таңба басқандай жазылған. Порталдағы ақпаратқа түсінбеген жағдайда, кәсіпкерлікті дамыту орталығына келіп, мамандарының көмегіне жүгінсе болады. Есігіміз әрдайым ашық. Айта кетейін, мұндай орталық Қызылорда қаласынан бөлек, барлық аудандарда жұмыс істейді. Сондай-ақ, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалында да бар. Біздің қызметкерлер тиісті құжаттарды жинап, кез келген азаматтың іс бастауына жәрдем жасайды.

«Бизнесіңізді дамытудың 2020» мемлекеттік бағдарламасында ұсынылған жобаларға қайтарымызсыз қаржы беру қарастырылған. Дегенмен, кез келген адам грант иегері атана алмайды. Ол үшін елді елен еткізетін жоба дайындауы қажет. Бүгін қатысу үшін қандай құжаттар керек? Мемлекеттік гранттар беру қағидаларына сәйкес конкурстық іріктеуге арналған отінім; заңды тұлғаның тіркелуі туралы куәліктің көшірмесі; бюджетке қарызы жоқтығы туралы анықтама; отінім берілген кезде жалдамалы жұмыскерлердің орташа саны туралы басшының қолымен бекітілген отініш; бизнес жоба; жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктің бағалау құнын растайтын құжат; оқудан өткендігі туралы сертификат (2 жыл) қажет. Тұрғындар сертификаттың керегі қанша деп түсінбеуі мүмкін. Бұл мемлекеттің кешенді жоспары ғой. Шыны керек, бизнестің кедір-бұдыры көп. Құл-дырау да, даму да бар. Мұндай жайт кез келген кәсіпкердің басынан өтеді. Кәсібін енді бастаған адам да мұндай проблемамен бетпе-бет келетіні сөзсіз. Сондықтан мемлекет кәсібін бастауға ынталы азаматтарды бизнестің қыр-сыры туралы оқытып, білім береді. Содан кейін мамандар идеясын іске асыруға көмек көрсетеді. Жобасын әзірлеген сон конкурстық ұсынады. Егер бизнес-идеясы шынымен де ұтымды болса, ешқандай кедергісіз грант иегері атана алады.

Тағы бір ескерте кететін жайт бар. Көпшілігі мұны түсінбей жатыр. Мүмкін ақпараттың дұрыс жеткізілмегендігінен шығар. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке байланысты. Рас, бизнес бастау үшін аз-кем қаржы немесе өзіне тиесілі дүние болады ғой. Дымнан дымсыз іске кіріспейтіні анық. Мысалы, 1 млн теңгенің жобасы болса, 100 мың теңге болуы тиіс. Мұндай қаржы біреуде бар, біреуде жоқ. Не істеу керек? Айталық, шеге шығаратын шағын цехты іске қосқыңыз келеді. Істі жүргізуге алған шамалы құрал-жабдығыңыз болса, соны бизнеске 10 пайыздық үлесіңіз ретінде қосуға болады. Бар болғаны осы.

– Қазір «облыста шағын және орта бизнес қарқынды дамып жатыр» деген ақпараттардан көз сүрінеді. Оның 80 пайыздан астамы тұрақты жұмыс істеп тұр дейміз. Ал шындығында, аймақта жұмыссыздық мәселесі әлі де күрделі. Неліктен? Жана жұмыс орындары ашылса, тиісінше, жұмыссыздық азаюы керек емес пе?

– Бұл өте өзекті сауал. Иә, жұмыссыздықты жою – күн тәртібіндегі негізгі мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың имидждік жобаларды қысқартып, бюджет қаржысын тиімді пайдалану туралы тапсырмасы бар. Біздің алдымызға қойылған мақсат – осыған дейінгі қолдау шаралары аясында іске қосылған жобалары бақылауға алып, нақты жұмыс істеп тұрғандарының тізімін жасау. Жасыратыны жоқ, бұрын кәсібін бастаған азаматтарды бір жыл сүйемелдеп, кейін назардан тыс қалатын. Олар шаруа бастағаннан кейін екі-үш жыл табысты жұмыс істеп, кейін тоқырауға тап болып, кәсібін тоқтатады. Ал құжат бойынша әлі жұмыс істеп тұруы мүмкін. Аталған шаралар осы олқылықтың орынын толтыруға бағытталған.

Бүгінде тұрақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандарын түгендеу шараларын қолға алдық. Біз облыстағы белсенді кәсіпкерлердің үлесін 92,4 пайызға жеткізуді көздеп отырмыз. Себебі, 2019 жылдың 1 қаңтарында өңірімізде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 51078 бірлікті құрап, осы жылдың 1 шілдесінде оның саны 51274-ке жетті. Яғни, жыл басынан бері өңірімізде тіркелген ШОБ субъектісі небәрі 196 бірлікке көбейген. Бұл өзге өңірлермен салыстырғанда төмен. Дегенмен, біз санды қумаймыз. Алайда саннан сапа шығатынын ұмытпаған абзал.

Кешегі облыс әкімдігінде өткен аппарат отырысында да бұл мәселе егжей-тегжейлі талқыланды. Салық түсімдеріне де байланысты сөз болды. Егер тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің барлығы тұрақты жұмыс істеп тұрса, тиісті салық мөлшері неге түспейді? Аймақ басшысы Қуанышбек Досмайылының аталған мәселеге қатысты айтқан сын-ескертпесі өте орынды.

– Кәсіпкерлердің жұмысін жұқартатын мәселенің бірі – әкімшілік кедергілер. Мұның алдын алу үшін мың сан шаралар қолға алынды. Дегенмен, әкімшілік кедергілер түбегейлі жойылды деп айта алмаймыз...

– Жасыратыны жоқ, қоғамдағы кейбір наразылықтар мен үкіметтік бағдарламаларға сенімсіздіктің де түп-төркіні әкімшілік кедергілерде жатыр. Осы мәселені жою

макса-тында мемлекет тарапынан кешенді жоспар колга алынды. Оган «Атамекен» Үлттык кәсіпкерлер палатасының көмегі көп. Мәселен, кәсіпкерлерді қолдау орталығы мен табиғи монополистер меморандумға отырған. Соның аясында орталық қызметкерлері сенімхат негізінде кәсіпкердің құжаттарын электронды форматта қабылдап алып, монополистердің электронды поштасына жібереді. Тиісті құжат сол күні-ақ қабылданады. Ортақ база бар. Қабылданғаннан кейін бес күн ішінде техникалық шарт кәсіпкердің қолына тиеді. Бұрын бұл жұмыстар 1 айға жуық созылатын. Бұл – кәсіпкерлер үшін таптырмас мүмкіндік. Міне, осындай шаралар легі жүзеге асуда. Дегенмен, бұл жұмыстар әлі де аздық етеді. Мәселен, жер аукциондары өте ұзаққа созылып жатады. Облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының 2019 жылдың 5 айында берген мәліметіне сүйенсек, былтырғы жылға қарағанда кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға деген шағымы 18 пайызға өскен. Менінше, бизнесті дамытуда мемлекеттік саясат оң жолға қойылған. – Десе де, занда барлығы қорсетілгенімен, өріптестеріміздің, жергілікті жерлердегі орындаушылардың тарапынан білім-білік-тілігінің жетіспеуі байқалады. Кедіргіні ешкім әдейі жасамайтыны белгілі ғой. Бүгінгі таңда түскен арыз-шағымдарды зерттеп, оның алдын-алу шараларын қолға алдық. Мақсат – арыз-шағымды азайту емес, енді қайталанбауына жол бермеу. –

Ең алдымен біз занды адам және оның құқығы үшін шығаратынын ескеруіміз қажет.

– Облыста туризм саласының даму динамикасын қалай бағалайсыз?

– Туризм – ішкі және сыртқы туризм болып екіге бөлінеді. Биыл туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Түпкі мақсаты – ел экономикасын қолдау. Бүгінгі таңда туризм саласы ел экономикасының 1 пайызын ғана құрайды. – Бағдарлама шеңберінде 2025 жылы мұны 8 пайызға жеткізу жоспарланған. Дамытуға жататын бағдарламада 30 жоба бекітілген. Оған біздің облыстан 3 жоба еніп отыр. Атап айтқанда, Байқоңыр қалашығы, «Жанакорған» шипажайы, «Қамыстыбас» демалу аймағы. Байқоңыр қалашығы республикалық ТОП-10 жобаның қатарына қосылды. Бүгінгі таңда байланысты мемлекет тарапынан «Байқоңыр» арнайы экономикалық аймағын құру тұжырымдамасы жасалды. – Әрине, толық шешім қабылданған жоқ. Бұл үкіметаралық комиссияның шешімімен қабылданады. Аталған аймақта «Байқоңыр» ойын-сауық аумағы құрылады. «Жұлдызды қалашыққа» келген туристер сонда демалып, одан кейін «Қамыстыбас» жағалауында тынықса, керемет емес пе? Бүгінгі таңда аталған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесіне бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Жобамен 32-34 млрд доллар жұмсалады деп жоспарланып отыр. Оның барлығы үкіметтің есебінен салынбайтыны белгілі. Инвесторлардың қаржысы есебінен жүзеге асырылмақ. Жақында облыс әкімінің орынбасары, Байқоңыр қаласындағы әкіміміз Бакытжан Намаевпен корейлік KISAT компаниясының арасында екіжақты меморандумға қол қойылды.

Жасыратыны жок, «Камбаш» колі Алаколдін, Ыстыкколдін денгейіне жете койган жок. Тек бір гана артыкшылыгы бар. Камбаш «Батыс Еуропа – Батыс Кытай» автожолынын бойында орналаскан. Үкімет кажетті инфракүрылымды жеткізіп берді. Дәл казір «Камбашты» дамытудын екі багыты бар. Кайсысы дүрыс? Бірі – жоба дайындап, бюджеттен каржы болу, екіншісі – сондай жұмыс істеуге ниетті кәсіпкерге жалга беру. Бул мәселе әлі де талкылану үстінде. Сондай-ак, туристік саланы жетілдіруге біркатар жобалар бар. Казалы ауданынын манайында, автожолдын бойында «Кашкансу» деп аталатын жер бар. Арлы-берлі агылган жолаушылар сонда бір сәт тыныгып, балык аулап, ас ішіп, аяк суытып алатын жерді жасау жос-парда- бар. Үлттык накышта.

Сонымен катар мәдениет баскармасымен де бірлесіп аткаратын жұмыстарымыз жетерлік. Окінішке карай, облыста тур-операторлар жок. Тек турагенттіктердін окілдері гана бар. Киелі орындарга саяхат ұйымдастыру шаралары басталып жатыр.

Корыта айтканда, кәсіпкерлікті дамытудагы басты максат – ел экономикасын күшейту. Оны жүзеге асыруга багытталган шаралар легі жалгаса бермек. Нәтижесі уакыт еншісінде.

– Уакыт бөліп, сүхбат бергенінізге рақмет! Қызметінізге табыс тілейміз!

Әнгімелескен

Козы Көрпеш ЖАСАРАЛУЛЫ